


КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ





**ҚМГ КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ
2021 ЖЫЛЫ
"ВВВ" ДЕҢГЕЙІНЕ
ЖОҒАРЫЛАДЫ
(2018 ЖЫЛҒЫ "ВВ"
ДЕҢГЕЙІНЕН)**



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі ҚМГ қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ акционерлер («Самұрық-Қазына» АҚ және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

ҚМГ органдарының құзыреттерінің аражігі нақты ажыратылған және ҚМГ Жарғысында бекітілген.

ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы

Акционерлердің жалпы жиналысы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ

Директорлар кеңесі

Уолтон К.Д. , Директорлар кеңесінің төрағасы	●	●	◆	○
Холланд Ф.М.	◆	◆	●	
Миллер Т.Г.		●	●	◆
Карабалин У.С.				○
Ауганов Г.К.	●			
Жанадил Е.Б.		●		
Айдарбаев А.С. , Басқарма төрағасы				

◆ Комитет төрағасы
○ Комитет мүшесі

Корпоративтік хатшы

Комплаенс қызметі

Омбудсмен

Ішкі аудит қызметі

- Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет
- Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет
- Аудит жөніндегі комитет
- Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті

Басқарма

Айдарбаев А.С.,
Басқарма төрағасы

Есқазиев Қ.О.,
Басқарма төрағасының
барлау және өндіру
жөніндегі орынбасары

Қарабаев Д.С., CFA,
Басқарма төрағасының
экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Тиесов Д.С.,
Басқарма төрағасының
мұнай өңдеу және
мұнай-химия жөніндегі
орынбасары

Берлібаев Д.Ә.,
Басқарма төрағасының мұнай
тасымалдау, халықаралық жобалар
және "Сарыарқа" газ құбырын салу
жөніндегі орынбасары

Абдулғафаров Д.Е.,
Басқарма төрағасының стратегия,
инвестициялар және бизнесті
дамыту жөніндегі орынбасары

Сәулебай М.О.,
Басқарма төрағасының орынбасары

Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі төмендегілерді қамтиды:

- жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма;
- Ішкі аудит қызметі - Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының компаниялары мен өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды жүзеге асыратын орталықтандырылған орган корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация беру;
- Өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындайтын, Компанияның Директорлар

- кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп беретін, өз құзыретінің шегінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы;
- Директорлар кеңесіне есеп беретін комплаенс қызметі, оның қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялары тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдайлар жасауға бағытталған;
- Омбудсмен - ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның рөлі оған жүгінген ҚМГ

қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсету болып табылады.

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тараптардың: мемлекеттің, стратегиялық серіктестер мен контрагенттердің (жеткізушілер мен сатып алушылар), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың және Компания қызметін жүзеге асыратын өңірлер тұрғындарының құқықтары мен заңдық мүдделерін құрметтеуге негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикасының талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Даму стратегиясын қалыптастыратын және іске асыратын, оның ішінде өндірістік процестерді басқарудың дивизионалдық құрылымы арқылы ЕТҰ-ны операциялық қызметке тарту арқылы Корпоративтік орталық ретінде Компания корпоративтік басқару саласындағы үздік практикаларға сәйкес келуге ұмтылады және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкестігі мен айқындылығы - бұл әлеуетті инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, Компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмендетуге, оның құнының өсуіне және әл-ауқатының артуына ықпал ететін инвестициялық тартымдылық

пен қызметтің экономикалық тиімділігін арттырудың аса маңызды факторлары екенін түсінеді.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ-дегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылайды, ал Корпоративтік хатшы оны үздіксіз жетілдіруді үйлестіреді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген ҚМГ корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Корпоративтік басқару кодексі, Кодекс) ҚМГ корпоративтік басқару практикасын құру және жақсарту негізделетін басты құжат болып табылады. Кодекс

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарына, «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Кодексте Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік басқару қағидаттарымен бірдей қағидаттар бекітілген. Директорлар кеңесі және Аудит жөніндегі комитет Кодекс ережелерінің ҚМГ-ға енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады.